

БІЛІМ ИНСТИТУТЫ

**АНА ТІЛІ**

**ОҚУШЫНЫҢ  
ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ**

**(3-сынып)**

**№2**

**Улаанбаатар  
2021 жыл**

## Ана тілі-Т3

## Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн..... сағат



Бұл тарауда:

- түбір сөз, қосымша;
- жұрнақ пен жалғаудың ерекшеліктері;
- түбір мен қосымшалардың шартты белгілерімен танысасың.
- өлең мазмұнын қара сөзбен баяндауды, мәтіндегі негізгі ойды табуды үйренесің.

Бағалау шарты:



- “Тапсырманы толық орындадым.”



- “Сұрақтарым бар.”

Орындап болған соң, -тың ішіне ✓ белгісін қоясың.



Сөздің бөлшектенбейтін ең түпкі мағыналы бөлігін **түбір сөз** дейміз. Мысалы: қала, сөз, ақын, қоян...

**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын достарыңмен әңгімелес.

### Оқуға шақыру

Балалар! Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киіңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,

Оянып жан-мақұлық түнде қонған,

Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,

Сайрауы сарғалдақтың сыңғырлаған. (А.Байтұрсынұлы)



**2-тапсырма.** Әр шумақтың мазмұнын қара сөзбен баяндап жаз.

1-шумақ	2-шумақ	3-шумақ
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

**3-тапсырма.** Өлеңнің 2-шумағынан түбір сөздерді теріп жаз.

---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





### Ана тілі-Т3

### Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Түбірге жалғанатын бөлшектерді **қосымша** дейміз. *Мысалы:* тауда, қобызшы, малшы...

**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

**Көктемде** үй төбесіндегі қар ери бастады. **Шатырдан** сорғалап су ақты. Ол түнде қатып, **сүңгіге** айналды. Ертеңгісін шатырдың ернеуінде сүңгіленіп тұрған көк **мұзды** көрдік. Балалар таяқпен ұрып, түсіріп жүр. Сынып түскен біреуін Болат қолына алды. Суық екен. Оны үйге әкелді де, ыдысқа салып қойды. Сүңгі еріп суға айналды. Оның бұрынғы пішіні жойылды.

Болат мынадай ойға келді. Мұз ерігенде, суға айналады. Судың тұрақты пішіні жоқ. Оның пішіні **құйған** ыдыстың пішініне байланысты өзгереді. Су мөлдір.

**2-жаттығу.** Қарамен берілген сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратып жаз.

Handwriting practice lines with diagonal guides.

**3-тапсырма.** Сөздерге жақша ішіндегі қосымшалардың тиістісін жалғап, көшіріп жаз.

- 1. Сахна... (-ға, -қа) биші... (-лар, -лер) тобы шықты.
- 2. Марал хайуанаттар бағы... (-нан, -нен) ақ аюды көрді.
- 3. Әжесі Аянның әдептілігі... (-на, -не) риза болды.
- 4. Нұрбол інісі... (-нің, -ның) сабағына көмектесті.

Handwriting practice lines with diagonal guides.

**4-тапсырма.** Ребусты шеш.



”



””””

“



“



Word puzzle grid with 7 empty boxes.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат




## Ана тілі-ТЗ

## Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Сөздің түбіріне жалғанғанда, оның мағынасын өзгертетін қосымшаны **жұрнақ** дейміз. Жұрнақтың белгісі –  Мысалы: асхана, тігінші...

**5-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Қарамен жазылған сөздерді теріп жаз. Түбір мен жұрнақты ажыратып, шартты белгілермен көрсет.

...Арықтау, шегір көз баланың екі түрлі ғана ермегі бар. Бірі – екі **сиырдың** бұзауын бағып, енесіне жамыратпай жаю. Екіншісі – **саздан балшық** алып, **ойыншық** жасау. Оның әке-шешесі – **күзетші**.

Төре ауылы **күзекке** келгенде, сары бала сондай қуанды. Ала жаздай зарыға жалғыз ойнағанда, ойынан кетпейтін **досы** бар. Ол төре **баласы** – Шоқан...(С.Бегалин)



**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Шегір көз бала нені ермек етеді?

2. Ол төре ауылының күзекке келгеніне неге қуанды?

**7-тапсырма.** Кестені тиісті сөздермен толтыр.

Түбір сөз	Жұрнақ	Туынды сөз
сурет	-ші	суретші
_____	-гер	_____
_____	-паз	_____
_____	-лық	_____
_____	-тық	_____
_____	-шы	_____
_____	-кер	_____
_____	-хана	_____
_____	-шық	_____

**8-тапсырма.** Жұмбақтарды шеш.

Күміс қанат сұңқары,  
Көкке еркін сүңгиді.  
Бұлттан да тым әрі,  
Кеткен жанды кім дейді?(.....)

Оның тіккен бұйымы,  
Аяғыңды қаптайды.  
Шыға қалса жұлымы,  
Әдемілеп баптайды. (.....)

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-ТЗ**

**Туған өлкем – мақтанышым**


Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн..... сағат

**9-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы.


Ауыл жақсы біледі,  
Біздің ағай – дәрігер.  
Сөмкесінде жүреді,  
Неше түрлі дәрілер.

Оралғанда жыл құсы,  
Асығады жылқышы.  
Гүл қаптаған қыр жаққа,  
Кетеді ұзап жылқысы.  
*(Д.Шоқпарұлы)*

а) Өлеңде кімдер туралы айтылған?




ә) Бұл сөздердің түбірі мен жұрнағын ажырат.




**10-тапсырма.** Көп нүктенің орнына жұрнақтардың тиістісін қойып, сөйлемдерді көркем көшіріп жаз.

1. Айзаданың ағасы – заң..... .
2. Шаңғы..... шаңғы тепті.
3. Үлгі..... оқушыдан өнеге ал.
4. Көп оқыған білім..... болады.
5. Дәулет жүлде..... атанды.



**11-тапсырма.** Шашылған бөлшектерді (пазлдарды) дұрыс құрастырсаң, мақалды оқи аласың.




---



---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



Ана тілі-Т3

Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Сөздің мағынасын өзгертпей, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны **жалғау** дейміз. Жалғаудың шартты белгісі – **┌**.

12-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Дайын ас

Суда балықтар үйірімен жүр. Шоршып су бетіне де шығады. Алабұғаның шабағы биікке секіреді. Жоғары көтеріледі. Кенет су жағасындағы топыраққа шығып кетті. Денесін шаң басты. Суға жете алмады. Сол кезде шағала келіп, дайын асты іліп әкетті.



(«Жыл он екі ай» журналынан)

а) Алабұғаның шабағы не себепті жем болды?

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ә) Мәтіннен жалғау жалғанған 10 сөзді теріп жаз.

\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

13-тапсырма. Төмендегі сызбаға сүйеніп, жасырылған жұмбақты тауып оқы. Шешуін тап.

ж	ө	а	с	ы	е	е	с	р	к
е	қ	ғ	а	т	р	б	і	о	ө
б	ы	р	л	о	т	ө	н	з	з
а	і	ф	я	р	з	й	д	е	ч
қ	м	т	к	к	ө	м	һ	ц	щ



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(.....)

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-ТЗ

## Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**14-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы. Ат қой.

Ақмарал **сабақтан** келсе, үстел үстінде **күңтізбенің** жыртылған бір беті жатыр. Есіне түсе кетті. Бұл күн – анасының туған **күні**. Сыйлық алуға ақшасы жоқ. Анасы жұмыстан келді.

– Бүгін сабақтан қандай баға алдың? – деп сұрады.


– Екі «бес», апа!

– Менің туған күніме мұнан артық сыйлық бола ма?! Анасы **Ақмаралдың** бетінен сүйді. Ақмарал қуанып кетті.

ә) Ақмарал неге қуанды?

б) Қарамен жазылған сөздерді теріп жазып, түбір мен жалғауға ажырат.

**15-тапсырма.** Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрап айт.



**16-тапсырма.** Жаңбыр тамшыларынан өшірілген жалғауларды тауып жаз.

1. Ернар шахмат жеңімпаз атанды.
2. Пияз адам денсаулығына пайдалы.
3. Сулы жер көкөніс жақсы өседі.
4. Үсен ауылдан пойыз келді.

1 - .....  
2 - .....  
3 - .....  
4 - .....

**17-тапсырма.** Суреттегі зат атауларының алғашқы әріптерінен сөз құрап оқы.



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-ТЗ

## Туған өлкем – мақтанышым

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн..... сағат



Мен не үйрендім?

1. Сөзді тап.

а) Ұшақ ұшты.                      ә) терең құдық                      б) жаңбыр                      в) көзі шарасынан шықты

2. Көп мағыналы сөздердің қатарын жалғастыр.

а) Адамның аяғы, \_\_\_\_\_

ә) Домбыраның құлағы, \_\_\_\_\_

б) Пышақтың жүзі, \_\_\_\_\_

3. Сөз құрамына қарай нешеге бөлінеді?                      а) 1                      ә) 2                      б) 3

4. Жаңа атауды тап.                      а) кітап                      ә) кесек                      б) компьютер

5. Түбір сөзді тап.                      а) шаңғы                      ә) апталық                      б) етікші

6. Қосымшалы сөзді тап.                      а) алма                      ә) күйші                      б) шәкірт

7. Берілген суреттерге қосымша жалғап жаз.



8. Жалғау жалғанған сөзді тап.                      а) еңбек                      ә) мектептің                      б) биші

9. Жұрнақ жалғанған сөзді тап.                      а) кітапхана                      ә) балалар                      б) ескі

10. Сөздерді сөз құрамына талдап, кестеге түсір.

Сөз	Түбір	Жұрнақ	Жалғау
жүзгішті			
көлшік			
достықпен			
мектепте			

11. Берілген сөздерге тиісті жұрнақ жалғап, жаңа сөз жаса.

1. жаз, көр, біл, айт

2. бал, дәулет, өнер



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





«Ана тілі-III» пәнін өз бетінше үйренудің жол картасы


<i>Сөз</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Жаңарған сөздер</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Көп мағыналы сөздер</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Түбір сөз</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Жұрнақ пен жалғау</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		



## Ана тілі-Ұз

## Ұлттық мирас – ата мұра

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

Бұл тарауда:

- Әртүрлі тақырыптағы мәтіндерді оқысың.
- Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерімен танысасың.
- Оларға қойылатын тыныс белгілерін білесің.
- Әртүрлі тапсырмалар орындау арқылы біліміңді шыңдайсың.
- Өзіңді бағалайсың.



Бір нәрсе жайында хабарлай айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейміз. Хабарлы сөйлемнің соңына нүкте (.) қойылады. Мысалы: Көгілдір көктем келді.

### 1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы.

Көктем кезі. Шоқан ауылына жер картасын жасайтын Сотников деген кісі келді. Шоқан да сол кісімен бірге даланы жиі аралады. Сотников салған суреттерге еліктеп, тауды, көлді бейнеледі. Бір күні оған Мысықтың балшықтан жасаған күймесін көрсетті.

- Мынаны кім жасаған? – деп сұрады Сотников.
- Менің жолдасым Мысық.
- Ол қайда?
- Ауылда.
- Оқыған ба?
- Жоқ, оқымаған.

– Бұл – өнерпаз бала. Оған білім керек. Білім беру үшін мектеп ашу қажет. Сенің қалаға барып оқығаның жөн. Оқып, білімді болған соң, Мысық сияқтыларды үйретесің, – деді Сотников. Шоқан алыс қырға қарап, ойланып тұрып қалды. (С.Бегалин)

а) Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырыпты таңда.

Бала Шоқан		Өнерпаз бала	
Сотниковтың ақыл-кеңесі		Шоқанның арманы	

ә) Сотниковтың Шоқанға берген ақыл-кеңесінің ретін белгіле.

- Сенің қалаға барып оқығаның жөн.
- Білім беру үшін мектеп ашу керек.
- Бұл – өнерпаз бала. Оған білім керек.
- Оқып, білімді болған соң, Мысық сияқтыларды үйретесің.

б) Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Шоқан ауылға келгенде, ..... танысты. Мысық ..... жасайды. Шоқан Мысықты ..... алып кетеді. Кейін Мысық ..... болады.

Керекті сөздер: әлемге танымал мүсінші, мүсін, Мысықпен, Ресейге.

Аяқтаған: ..... ай ... күн..... сағат





**Ана тілі-Ұз**

**Ұлттық мирас – ата мұра**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**2-тапсырма.** Сөйлемдерге тиісті тыныс белгілерді қойып, көркем көшіріп жаз.

Көк бие құлындады кішкентай қасқа құлыны бар менің қуанышымда шек жоқ көк бие қызғаншақ.

Handwriting practice lines for the second task, consisting of several sets of horizontal and diagonal lines.

**3-тапсырма.** Ребусты шеш. Шешуін қатыстырып, хабарлы сөйлем құрап жаз.



Blank lines for writing the answer to the rebus puzzle.

**4-тапсырма.** Аяқталған ойды білдіріп тұрған сөйлемдерді көшіріп жазып, тыныс белгілерін қой.

1. Аязды күні торғайлар
2. Біздің сынып
3. Алматы сабақтан кешікпейді
4. Жексенбі күні
5. Болат күшікті үйге әкелді
6. Жалғыз аяқ жолмен

Handwriting practice lines for the fourth task, consisting of several sets of horizontal and diagonal lines.

**5-тапсырма.** «Менің қысқы демалысым» тақырыбында мәтін құрап жаз.



Blank lines for writing a story about winter vacation, starting from the image of the child on the sled.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-Ұ3**

**Ұлттық мирас – ата мұра**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Бір нәрсе жайында сұрап, білу мақсатында айтылатын сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлемнің соңына сұрау (?) белгісі қойылады. **Мысалы:** Үй тапсырмасын орындадың ба?..

**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

**Табиғат тәрбиесі**

Біз төбе болып үйіліп жатқан құмырсқаның илеуіне келдік. Құмырсқаның бірі кіріп, бірі шығып, құжынап жүр. Бәрі қимыл, әрекет, қауырт іс үстінде.

- Көке, мынау не төбешік? – дедім.
- Бұл – құмырсқаның илеуі.
- Илеу деген не?
- Илеу – құмырсқаның үйі, мекені.
- Бүкіл құмырсқа бір-ақ үйде тұра ма?
- Иә, бір үйде тұрады.
- Олар тату тұра ма?
- Тату болмаса, бір үйде тұра алмаған болар еді ғой...(М.Төрежанов)



Handwriting practice lines consisting of four sets of horizontal and diagonal blue lines.

а) Мәтіннен қандай ой түйдің?

Two horizontal blue lines for writing an answer.

**2-тапсырма.** Сызба бойынша диалог құрап жаз.

Dialogue template with four lines of empty boxes for text:

- [ ] [ ] [ ]
- [ ] [ ] [ ] .
- [ ] [ ] [ ] [ ] ?
- [ ] [ ] [ ] [ ] .

**3-тапсырма.** Бос торкөзге тиісті әріптерді қойып, жасырынған сөзді тап.

К – ✿	М – ●	Р – ☀	С – ■
Е – ▲	І – ☾	А – 🔔	О – ❤
П – ★	Қ – ◆		

✿	▲	●	★	☾	☀	◆	❤	■	🔔	◆

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат

Smiling face icon, empty box, empty box, surprised face icon.

**Ана тілі-Ұз****Ұлттық мирас – ата мұра**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді салыстырып оқы.

Бүгін киноға барма.  
Ініңнің қасынан кетпе.  
Сабаққа кешігіп келме.

Сенде қарындаш бар ма?  
Олар кетіп пе?  
Бүгін досың келе ме?

**5-тапсырма.** Өлеңді нақышына келтіріп оқы. Сұраулық мағына беріп тұрған сөздердің астын сыз.



**6-тапсырма.** Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыр.

Толқын кітап алды.  
Қанат ерте тұрды.  
Әжем ауылдан келді.  
Қоңырау соғылды.

---



---



---



---

**7-тапсырма.** Бос орынға керекті сөздерді қойып, сұраулы сөйлем жаса.

1. Саған берген ақшаны ..... бердің?
2. Осы сұраққа жауап бермесем .....?
3. Әрдайым ..... адамға көмек беру керек?
4. Табиғаттың жаны бар .....?
5. Күн энергиясы.....таусылады екен?
6. Бір жылда ..... төрт маусым бар?
7. Денсаулықтың қадірін адам ауырғанда түсінетін .....?

*Керекті сөздер:* қашан, қайтеді, қандай, шығар, кімге, неліктен, ма.

**8-тапсырма.** Жаңылтпашты дұрыс, жаңылмай оқы.

Сылдырмақ сылдырлады,  
Сәби былдырлады.  
Сылдырмақ сылдырласа,  
Сәби былдырлай ма?  
Сылдырмақты сындырмай ма?






Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат

## Ана тілі-3

## Ұлттық мирас – ата мұра

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат




Қуану, ренжу, аяу, таңдану, өкіну, шаттану сияқты түрлі көңіл-күйді білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз. Лепті сөйлемнен кейін леп (!) белгісі қойылады.  
*Мысалы: Мына бұлақтың суының мөлдірін-ай!*


**1-тапсырма.** Өлеңді суреттердің көмегімен оқы.


## Ұшақтан жылдам бұлттар

Таңертең  ашық,  
Тұр еді нұр шашып.


Кенеттен аспанды  
 торлай бастады.

Аспанда  жоқ;  
Ендеше күдік жоқ.


 -тан жылдам ба?!

Ойладым дәл бүгін,  
Жаумайды  !

Шаңдатып көшені,  
Басталды нөсері.

Шықтым мен  -імнен  
Жейдешең күйіммен.

Жоқ мотор, қанаты,

Өурелер жолда құр,  
Алғам жоқ  .

Бұл–  ,  қалайша

Тез жете алады?..

**2-тапсырма.** Мақалдарды жаттап ал.

Туған жердің ауасы да шипа,  
Туған жердің жуасы да тәтті.

Бөтен жердің гүлінен,  
Туған жердің тікені артық.

**3-тапсырма.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. ағашы, берді, тамаша, алма, Бұл, өнім.
2. келді! Алақай, көңілді жаз.
3. ондай, жануар, қайда мекендейді, Өке?
4. болады, Жарайсың, осындай, шын, достар!
5. Дәрігер, Мейіржанға, жазып, қандай, берді, дәрі?

Blank writing lines for the student to write their answers.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





## Ана тілі-ҰЗ

## Ұлттық мирас – ата мұра

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жылы..... ай ... күні ..... сағат

**4-тапсырма.** Мәтінді мәнәрлеп, түсініп оқы.

Күздің жаймашуақ күндерінің бірі еді. Сабақ түстен кейін басталатын болғандықтан, асықпай келе жаттым. Бір үйдің бұрышынан өте бергенімде, үрейлене жылаған баланың дауысын естідім. Жалт қарасам, басы үлкен, құлағы салпиған қара күшік үш-төрт жасар қыздың жолын бөгеп, шәуілдеп жүргізер емес. Күшікті қуып жібердім.

Қыз қатты қорқыпты. Денесі дірілдеп, өксігін баса алмай, солқ-солқ етеді.

– Үйіңе бара аласың ба?

Көз жасын қолының сыртымен сүрткілеп, күшік жүрген жаққа қарады. Баланың қорқып тұрғанын сезіп, қолынан ұстап, өзі нұсқаған жаққа қарай жүрдім. Ол үйіне жақын келгенде, қуанып кетті.

– Анау үй, рақмет! – деп, ілгері қарай жүгіре жөнелді.

Мектепке келсем, сабақ басталып кетіпті. Есікті қағып, сыныпқа кірдім. Оқушылар тапсырма орындап жатыр екен. Мұғалімге кешіккен себебімді айттым. Ол қасыма келді де, күлімсірей қарап, басымнан сипады. Содан соң:

– Орныңа отыра ғой. Тақтаға жазылған тапсырманы орында! – деді жұмсақ үнмен. Мен орныма отырдым. (А.Хамзин)

а) Мәтінге ат таңда.

Мейірім

Қатыгездік

ә) Лепті сөйлемдерді көркем көшіріп жаз.

б) Мәтін мазмұны бойынша сурет сал.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





## Ана тілі-Ұз

## Ұлттық мирас – ата мұра

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Мен не үйрендім?

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді тиісті тыныс белгілермен сәйкестір.

Көл жағасы қандай керемет ?  
 Ауылдан атаң келді ме :  
 Алмас сабақтан кешікпейді !

**2-тапсырма.** Дұрыс жауабын белгіле.

1. Лепті сөйлемді тап.

а) Бұл – қиын сұрақ                      ә) Бұл сұрақ қандай қиын      б) Бұл сұрақ қиын ба

2. Хабарлы сөйлемді тап.

а) Тақтаға кім шығады                  ә) Осы сұраққа жауап берді      б) Алақай, бес алдым

3. Сұраулы сөйлемді тап.

а) Артық дәптерің бар ма              ә) Маған көмектесіп жіберші      б) Біздің сынып өте үлкен

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді дұрыс сәйкестір.

Хабарлы сөйлемдер	Мысық қалай дыбыстайды?
Сұраулы сөйлемдер	Міне, жігіт!
Лепті сөйлемдер	Қасқырдың күшігін қалай атаймыз?
	Мал жайылады.
	Жүйрік озады.
	Өркенің өссін, қарағым!

**4-тапсырма.** Сурет бойынша сөйлем құрап жаз.



Хабарлы сөйлем: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_



Лепті сөйлем: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_



Сұраулы сөйлем: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

**5-тапсырма.** Мақалды тауып жаз.



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат








«Ана тілі-III» пәнін өз бетінше үйренудің жол картасы

<i>Хабарлы сөйлем</i>		
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Сұраулы сөйлем</i>		
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Лепті сөйлем</i>		
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		



Ұлттық мұра –  
ата мұра



**Ана тілі-А3**


**Айналамды танып білгім келеді**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Заттың атын білдіретін сөздерді **зат есім** дейміз. Зат есім кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтарға жауап береді.

**1-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, сөзжұмбақты шеш. Сөздерге сұрақ қой.



1. ....?
2. ....?
3. ....?
4. ....?
5. ....?
6. ....?
7. ....?

**2-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жаз. Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.

Жақсының сөзі ақыл шақырады,  
Жаманның сөзі ашу шақырады.

Ақыл көпке жеткізер,  
Өнер көкке жеткізер.

Handwriting practice lines with slanted vertical lines for copying the sayings above.

**3-тапсырма.** Сөздер тобына тағы үш сөзден қосып жаз.

Адамдар:	кім?	нағашы, ақын, _____
Өсімдіктер:	не?	түймедақ, _____
Құстар:	не?	бүркіт, _____
Балықтар:	не?	жайын, _____
Аңдар:	не?	жолбарыс, _____
Еңбек құралдары:	не?	егеу, _____

**4-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, мәнін түсін. Зат есімдердің астын сыз.

Дән ексем, жерге достық егер едім,  
Бұлт болсам, соған тамшы себер едім.  
Жайнаған гүлден гөрі, ыстық құмға,  
Дос үшін жылда айналып келер едім... (Ж.Саин)

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**5-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

## Бір минут

– Отбасында бәрі де өз уақытында жүріп-тұрғанды жақсы көретін. Тек Талғат қана үнемі кешігіп жүретін.

– Талғат, кел, тамағыңды іш, – деп, шақыратын шешесі.

– Қазір, бір **минуттан** кейін, барамын, – деп, Талғат кітабын оқи беретін. Бұл оның әдеттегі жауабы еді. Ылғи осылай дейтін.

Бір күні **мектепте** шаңғы жарысы өтті. Талғат **шаңғыны** жақсы тебетін. Бірақ ол жеңімпаз болған жоқ. Оның жолдасы бір минутқа озып келді. Талғат екінші орын алып, үйге **көңілсіз** болып қайтты. Ол бір минуттың адам өміріндегі маңызын енді ғана түсінгендей болды.



(Р.Нұртазина, Л.Асқар)

а) 1. Отбасында Талғат қандай бала еді?

---

2. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

---

3. Талғаттың бір минуттың маңызды екенін түсінуіне не себеп болды?

---

ә) Мәтіннен 10 зат есім теріп жаз.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal lines with a diagonal line crossing them from bottom-left to top-right.

б) Мәтін мазмұнын өз сөзіңмен қысқаша жаз.

Four sets of horizontal lines for writing a summary.

в) Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді түбір мен қосымшаға ажырат.

Two sets of horizontal lines for writing the root and affixes.

**6-тапсырма.** Мақалдардың мәнін түсініп ал. Есіңде сақта.

Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.

Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Біркелкі заттардың ішінен біреуінің жеке атауын білдіретін сөздерді **жалқы есім** дейміз.  
Біркелкі заттарды жалпылай атайтын сөздерді **жалпы есім** дейміз.

**7-тапсырма.** Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

## Өнерлі балалар

Қанат, Марат – екеуі  
Қамшы өре алады.  
Таңат, Талап – екеуі  
Тамаша ән салады.  
Самат, Сағат – екеуі  
Төгілтіп күй шертеді.  
Бабақ, Барақ – екеуі  
Біледі көп ертегі.  
Ахат, Марат – екеуі  
Ат үйретіп жүреді.  
Жанат, Манат – екеуі  
Киім-кешек тігеді.  
Балаларды өнерлі  
Есептеп көр, сен енді! (С.Қалиев)



(.....)

**8-тапсырма.** Сызбаға қарап, жалқы және жалпы есім туралы қорытынды жаса.



**9-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, жалқы есімдердің астын сыз.

Бурабайды бұрын көрмеген Жақыпбек айналасына қарады. Ол біресе көлге, біресе Сиыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге, біресе Бөлектауға тамсана қарады. Бұл жерде бірнеше рет болған Бану мен Байсал да сұлу табиғатты тамашалап тұр. Осы жерде Майбалық көлі де бар. Оның суы асқазан ауруын емдейді.

**10-тапсырма.** Жаңылтпашты жылдам айтып көр. Жаттап ал.



Дәмді шөпті таңдаған,  
Дәмді шөпті талғаған.  
Дағдысынша дуадақ,  
Даланы еркін шарлаған.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-А3****Айналамды танып білгім келеді**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**11-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

**Өкініш**

Нұрдәулет тәртіпті. Сабақты да өте жақсы оқиды. Бір жаман әдеті – салақ. Кітаптары, дәптерлері әр жерде шашылып жатады.

Бір күні оқушылардың оқу құралдары байқаудан өткізілді. Кезек Нұрдәулетке де жетті. Мұғалима оның кітап, дәптерлеріне қарап, іркіліп қалды.

– Нұрдәулет, – деді мұғалима, – Сен жақсы баласың. Ал оқулықтарыңды қарашы, өзіңе лайықты ма?

Нұрдәулет ұялғанынан үндемеді. Жеңімпаздар ортаға шықты. Оларға сыйлықтар тапсырылды.

Нұрдәулет кітаптарын таза ұстамағанына қатты өкінді. *(Ғаламтордан)*



а) Мәтіннен қандай ой түйдің?

---



---

ә) Сұрақтарға жауап бер.

1) Нұрдәулет қандай оқушы?

---

2) Оның қандай жаман әдеті бар?

---

3) Сыныпта қандай байқау өткізілді?

---

4) Мұғалім Нұрдәулетке не деді?

---

5) Ортаға кімдер шықты?

---

6) Ол не үшін өкінді?

---

**12-тапсырма.** Дәулет сөйлемдегі сөздерді дұрыс жазды ма? Қате жазылған сөйлемдерді дұрыс жаз.

1. Су арықпен ақты. 2. Кішкентай арман апасымен бірге сабаққа барды. 3. Биік тау көрінді. 4. Ағасы әсемге көйлек сатып әкелді. 5. Менің атамның құлагер деген аты бар. 6. Менің досымның итінің аты – ақтөс.

---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Зат есімнің **жекеше** және **көпше** түрі болады.

**Кім? не?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді **жекеше түрі** дейміз. Мысалы: ата, құс, түйе...

**Кімдер? нелер?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді **көпше түрі** дейміз. Мысалы: аталар, құстар, түйелер...

**13-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Көптік жалғауы жалғанған сөздердің астын сыз.

## Тау көрінісі

Қобырап желге мақтадай,  
Ақша бұлттар шудасы.  
Қырда шөгіп жатқандай,  
Ауылдың ақ бас бурасы.

Бауырында боталар,  
Төбешік боп жүргендей.  
Жалаң қия, жоталар,  
Жабулаған іңгендей.


(Н. Әлімқұлов)

**14-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, көптік жалғауы жалғанған зат есімдерді жекеше түрге айналдырып жаз.

1. Бақалар судан жағаға шықса, күн жауады. 2. Бозторғайлар күн ашылғанша, қар астында жатады. 3. Құрылыс заттарын тиеген жүк машиналары келе бастады. 4. Өзен жағасындағы қамыстар желмен баяу қозғалады. 5. Үш күнге созылған жарыста жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.



**15-тапсырма.** Әсем табиғатты өз қалауыңмен боя.



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-А3**

**Айналамды танып білгім келеді**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**16-тапсырма.** Мәтінді оқып, көптік жалғауы жалғанған сөздердің астын сыз.

Айдын хайуанаттар бағына барды. Бақты аралап, алуан түрлі аңдарды көрді. Оған маймыл, аю, түлкі, барыстар ұнады. Ол аңдардың тор ішіндегі қимыл-қозғалыстарын қызықтап, көп қарады.

**17-тапсырма.** Суреттегі аспаптардың атын көпше түрде жаз.



**18-тапсырма.** Көптік жалғауларының тиістісін қойып жаз.

Ауданда суретші (-тер, -дер, -лер) жарысы өтті. Бала (-лер, -дар, -лар) сурет салуды жақсы үйренген. Жеңімпаз (-дар, -дер, -тар)-ға сыйлық (-тар, -дар, -тар) тапсырылды.



**19-тапсырма.** Жаңылтпашты жатқа айт.

Ара, ара, аралар,  
Орманның бәрін аралар,  
Гүлдерден сорып, бал алар,  
Алысқа ұшып бара алар,  
Бал тәтті ғой, балалар!



**20-тапсырма.** Берілген сұрақтарға сәйкес келетін сөздер ойлап тап.

Кім?	Не?	Кімдер?	Нелер?
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

**21-тапсырма.** Сұрақтардың орнына тиісті сөзді жаз.

(Не?) ..... үреді. (Не?) ..... мысықтан қорқады. (Кім?) ..... жұмыстан келді. (Кім?) ..... шөп шауып жүр. (Кім?) ..... сиыр сауады. (Кім?) ..... ойнап жүр. (Кім?) ..... сабақ оқиды. (Не?) ..... мәңірейді. (Не?) ..... боздайды. (Кім?) ..... сөйлейді.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Заттың сынын, түр, түсін, сапасын, дәмін, көлемін білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сын есімдерге қандай? қай? деген сұрақтар қойылады. *Мысалы: көк, үлкен, таза, жеңіл, биік, ащы...*

**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Сын есімдердің астын сыз.


Түрлі түсті шарым көп,  
Жіп байладым, жел үрлеп.  
Қалықтайды ауада,  
Ұшып-қонып, дамыл жоқ.

Айырылсаң жібінен,  
Кетер самғап тау асып.


Неше түрлі, қарашы,  
Бар ағы, қызыл, аласы.


Қоңыр, жасыл, сары бар,  
Күлгін, көгі табылар.  
Ал, ұшырдым шарымды,  
Епті болсаң, қағып ал! (Б.Үсенбаев)

**2-тапсырма.** Берілген сын есімдерге бірнеше зат есім тіркеп жаз.

ескі  \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

жұқа  \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

қызық  \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

әдемі  \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз.

1. Гүлнұр – әдемі қыз. 2. Ұстаз – құрметті адам. 3. Көмір пайдалы қазбаларға жатады. 4. Бүркіт ұясын биік қияға салады. 5. Еркін көрші ауылға кетті.



**4-тапсырма.** Берілген сөздер қай қарындаш түсіне сәйкесетінін тап. Сонан соң оларды тіркестіріп жаз.

Сөздер: аю, қар, шоколад, түлкі, аспан, раушан,  
балапан, шырша.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**5-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз.

Аспан көк, ал шөп (қандай?) .....  
Аю үлкен, қоян (қандай?) .....  
Қауырсын жеңіл, тас (қандай?) .....  
Сүт сұйық, қаймақ (қандай?) .....  
Қыс суық, жаз (қандай?) .....  
Күн жарық, түн (қандай?) .....

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат







Ана тілі-А3

Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

6-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы.

Шөптегі шық

Жаздың жарқын таңында тоғайға барсаң, шөп арасынан сансыз меруерт көресің. Сол меруерттер күннің көзіне жылт-жылт етіп, біресе қызыл, біресе сары, біресе көк болып құлпырады. Құлпырып тұрған немене деп жақындап қарасаң, үшкіл жапырақтар үстінде жылтылдап тұрған шық тамшылары болып шығады.

Сол жапырақтардың астары – бейнебір түкті барқыт. Бетінде мөлдір тамшылар домаласа, жапыраққа су жұқпайды. Жапырақты байқаусызда жұлып алсаң, жылтылдақ тамшылар моншақтай домалап, құлап түсіп кеткенін көрмей қаласың.

(Ж.Аймауытов)

а) Мәтіннен «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жаз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7-тапсырма. Суреттегі заттардың атын сын есімдермен тіркестіріп жаз.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

8-тапсырма. «Көктемгі еңбек» тақырыбы бойынша шағын мәтін құрап жаз.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Заттың санын, мөлшерін білдіретін сөздерді **сан есім** дейміз. Сан есімдерге қанша? неше? нешінші? деген сұрақтар қойылады. *Мысалы: бес, жеті, екінші, он алтыншы...*

**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

### Бірлік бар жерде тірлік бар

Ағайынды үш жігіт өмір сүріпті. Әрқайсысының өз шеберханасы болыпты. Үшеуі де тостақ жасаумен айналысыпты.

Бір күні олар ақылдасады. «Үшеуіміз де бір кәсіппен айналысамыз. Бұдан кейін бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Үш «1» бөлек тұрса, «1» саны болып қалады. Ал үш «1»-ді бірге жазса, «111» болады. Бір адамның істеген жұмысы мен жүз он бір адамның жұмысын салыстыруға бола ма? Сол үшін бірігуіміз керек. Сонда ғана жұмысымыз өнеді», – дейді.

Үшеуі бірге жұмыс істеуге кіріседі. Біреуі от жағумен және темір ерітумен шұғылданады. Екінші жігіт еріген темірден тостақ жасауды өз мойнына алады. Ал үшіншісі тостақтың бетіне әртүрлі сурет салады, ою жасайды. Осылайша жұмыс жеңілдейді әрі өнім де көбейеді. Бұрын әрқайсысы бір күнде он шақты тостақ жасайтын. Енді үшеуі бір күнде жүзден аса тостақ жасайтын болды. Сатып алушылар да тостақтарды мақтап, көптеп сатып ала бастайды. *(Ғаламтордан)*

а) Мәтіндегі сан есімдерді теріп жаз.

---



---

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сан есім қойып, мақалдарды толықтыр.

..... жылда ел жаңа.

.....тістен шыққан сөз .....рулы елге тарайды.

..... түгел болса, төбедегі келеді.

**3-тапсырма.** Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз.

дер5

9құмалақ

с10а

4пақ

**4-тапсырма.** Жұмбақ есептің жауабын тап.



Он бір түйе, бес жылқы,  
Екі сиыр, бес ешкі.  
Екі қоян, үш түлкі,  
Таба алмасаң, бол күлкі. (.....)

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-А3**

**Айналамды танып білгім келеді**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**5-тапсырма.** Ойлан, тап.



Балықшылар қатар отыр,  
Қармақтарын салып отыр.  
Балықшы Әшімхан  
Ұстады үш сазан.

Балықшы Сақтаған  
Ұстады төрт табан.  
Балықшы Құсайын  
Ұстады қос жайын.  
Өзеннен қанша балықты  
Ағалар аулап алыпты? (.....)  
(«Ақ желкен» журналынан)

**6-тапсырма.** Сандарды сөзбен жаз.

Цифрмен	Сөзбен
489	
568	
675	
916	
223	
394	
187	
831	

**7-тапсырма.** Жаңылтпаштың қатесін түзеп жаз.

Құдық – күдіксіз құдық,  
Суы – суық, тұнұқ құдық.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_


**8-тапсырма.** Бақалар үш рет секіру жарысында жүлделі орынға ие болды. Әр бақа үш рет секіргенде, әрбір келесі секіру алдыңғысынан бір метрге қысқа болды. Сонда үш рет секіргенде, әр бақа неше метр қашықтыққа секірді?

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



### Ана тілі-А3

### Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Заттың іс-әрекетін, қимылын білдіретін сөздерді **етістік** дейміз. Етістік не істеді? не қылды? қайтті? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: биледі, жүгірді, пісірді...

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Әнші ән..... Жыршы жыр ..... Анам ас ..... Дәрігер науқастарды ..... Мұғалім балаларды ..... Жылқышы жылқы .....

**2-тапсырма.** Кім не істейді? Екі бағандағы сөздерді сәйкестір.

Батыр  
Жазушы  
Ақын  
Суретші  
Биші



өлең жазады.  
би билейді.  
кітап жазады.  
ерлік жасайды.  
сурет салады.

**3-тапсырма.** Ағаш бұтақтарындағы етістіктерді теріп жаз.



**4-тапсырма.** «Етістік» сөзінен баспалдақ жаса. Осы әріптерден басталатын іс-әрекетті білдіретін сөздер ойлап, торкөзді толтыр. Қалаған екі етістікке сөйлем құрап жаз.

Е							
Т							
І							
С							
Т							
І							
К							

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

## 5-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



1. Бейбітшілік құсы.
2. Түнде ұшатын құс.
3. Төрт түліктің шөлге ең шыдамдысы.
4. Үрлеп аспанға ұшыратын зат.
5. Тышқанның үйі.

## 6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Ат қой.

– Менің атым Дина, – деді қызғалдақ.  
 – Мерейлі бол, Динажан, мен – кек күйшісі Құрманғазымын. Тәрбиешім Махамбет ақын – Исатай ердің серігі, халық үшін жан берген. Сол ерлердің ұраны, сол күрестің дабылы мынау егіз ішекте. Мұрамды саған тапсырдым, халыққа жеткіз күйімді! – деп, қария қызғалдаққа үкілі домбырасын ұсынды.

– Егер де маған, атажан, шынымен сеніп тапсырсаңыз, кек ұрандас күйіңізді халыққа ойнап беруге ант етем! – деп, қыз бала тізерлеп отырды да, домбыраны қолына ұстап, сүйіп-сүйіп алды. (Ә.Сәрсенбаев)



## 7-тапсырма. Тиісті сөздерді орнына қой.

Еңбексүйгіш .....,  
 Ерте шығып ..... (құмырсқа, жұмысқа)

Жазда астық .....,  
 Толтырады ас ..... (тасиды, үйді)

Қыстай тыныш .....,  
 Рақатқа ..... (жатады, батады)



## 8-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлемдер құрап жаз.




---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-А3

## Айналамды танып білгім келеді

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Мен не үйрендім?

1. Кім? сұрағына жауап беретін сөз қайсысы?

- а) ұқыпты                      ә) ұшқыш                      б) ұран

2. Не? сұрағына жауап беретін сөзді тап.

- а) наубай                      ә) нағыз                      б) нөсер

3. Жалқы есім қайсысы?

- а) батыр                      ә) Бөкентау                      б) байсалды

4. Көпше түрдегі зат есімді тап.

- а) шыны                      ә) шаш                      б) шынайы

5. Сын есімді тап.

- а) сопақ                      ә) сайрады                      б) самауыр

6. Қарсы мәнді сын есімдерді тауып жаз.

жаңа – .....                      қымбат – .....                      ұзын – .....  
ацы – .....                      ұсақ – .....                      жуан – .....

7. Мақалды жалғастыр.

Жеті рет өлшеп, .....

8. Етістікті көрсет.

- а) арман                      ә) армандады                      б) ақылды

9. Дұрыс сәйкестір.

зат есім	айтты
сын есім	алты
сан есім	ағаш
етістік	ақылды

10. Тыйым сөздерді сәйкестір.

Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме.

Кісіге қарап есінеме.

Үлкеннің алдында ізетті бол.

Малды басқа ұрма, теппе.

Бұл – үлкенге деген құрмет.

Ырысыңнан айырыласың.

Есінегенде, ауызды міндетті түрде қолмен жабу керек.

Бұл – әдепсіздік.

11. Сөздерді үлгі бойынша сөз таптарына бөліп жаз.

Құлпынай, елу бес, дәмді, жаттады, сағат, барды, аласа, бес жүз.

Зат есім	Етістік	Сын есім	Сан есім
құлпынай	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



«Ана тілі-III» пәнін өз бетінше үйренудің жол картасы

<i>Зат есім</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Жалпы және жалқы есім</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Зат есімнің жекеше, көпше түрлері</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Сын есім</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Сан есім</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Етістік</i>	👍	👎
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

Айналамды танып білгім келеді



### Ана тілі-М3

### Мәтін

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат

**Бұл тарауда:**

- мәтін, оның түрлерін;
- мәтіннің негізгі ойын, кейіпкерлерін анықтауды үйренесің.
- Өзіңді бағалайсың.



**Мәтін** дегеніміз жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу. Мәтін бірнеше сөйлемнен құралады. Мәтін сөйлемдері бір-бірімен мағына жағынан байланысты болады.

#### 1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Данияр мектептен келді. Үйдің алдына қар үйіліп қалыпты. Қолына күрек алды. Ауланың қарын тазартуға кірісті. Бірақ қар таусылар емес.



Осы кезде оған көрші үйдегі досы Нариман келді. Нариман да қол шанасын сүйреп шығыпты. Екеуі екі шанамен қарды тез тасып бітірді. *(Е.Өтетілеуұлы)*

а) Мәтін неше сөйлемнен құралған? \_\_\_\_\_

ә) «Данияр» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---



---



---

б) Жалқы есімдерді теріп жаз. \_\_\_\_\_

в) Соңғы сөйлемді көркем көшіріп жаз.

---



---



---



---



---

#### 2-тапсырма. Мақалдарда түсініп оқып, жаттап ал.

Еңбек ет те мақтан,  
Ойнап-күл де шаттан.

Еңбек – адамның көркі,  
Адам – заманның көркі.

#### 3-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрап жаз.




---



---



---



---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





**Ана тілі-М3****Мәтін**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Мәтінде арнайы атауы, аты болады. Ол мәтін мазмұнынан хабар береді.

**4-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқы.

Көктем – табиғаттың той-думаны. Көктемнің беташары – наурыз айы. Ал сәуірде қар кетеді, ағыл-тегіл болып бұлақтар ағады. Жер беті жасыл көрпеге оранып, жауқазын гүлдерден алқа тағынады, терек бүр жарады. Мамыр айында айнала ақ ұлпа гүлге бөленеді. Тау бөктеріндегі шиіе, алша, алмұрттың гүлдерінен төңірек аппақ. Алманың қызғылтым гүлінен көзің тұнады. Әсіресе, өрік ағашының жапырағы түгел гүл болып кеткен бе дерсің, қып-қызыл, қып-қызыл! Мамыр айы – табиғаттың, адамзаттың мерекесі. Кең даламыз, туған аулымыз көктемде қызыл-жасыл түрге бөленеді. Неткен шебер, бұл көктем! («Жыл он екі ай» кітабынан)

а) Мәтінге ат қой.

ә) Төмендегі сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратып жаз.

1. табиғаттың: \_\_\_\_\_

2. гүлдерден: \_\_\_\_\_

б) «Ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---



---



---



---

в) Мәтін мазмұнына сәйкес сурет сыз.

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-М3**

**Мәтін**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Мәтін бірнеше бөлімнен құралады. Әрбір бөлім **азатжол** деп аталады және ол жаңа жолдан басталып жазылады.

**5-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Орман – орасан зор байлық. Одан қағаз жасау үшін шикізат, құрылысқа керекті ағаш алынады. Орманда саңырауқұлақ пен жидек те өседі.

Орман бағбанының басты міндеті – орманды сақтау. Мұның өзі – орманды өрттен, зиянкес жәндіктерден сақтау деген сөз. Орман бағбаны кесілетін ескі ағаштарды белгілейді. Ағаш кесілгеннен кейін, оның орнына жас көшеттерді отырғызады.

*(«Ол кім, бұл не?» кітабынан)*

- а) Мәтінге ат қой.
- ә) Мәтін неше азатжолдан құралған? \_\_\_\_\_

б) Мәтіннің бірінші бөлімін көшіріп жаз.

**6-тапсырма.** Берілген өлең шумағын оқып, отбасыңа мазмұнын әңгімелеп бер.

Наннан асқан тағам жоқ,  
 Қадірін білген адамға.  
 Билікті берсең, қиратар,  
 Білімсіз, соқыр наданға.

Жаныңа батса, білерсің,  
 Қасиетін саулықтың.  
 Елің тозса, білерсің,  
 Азабы мен қасіретін  
 Араздасқан жаулықтың.

*(Төле би)*




**7-тапсырма.** Ребусты шешіп, жауабын қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



”””



”



”

М

””



--	--	--	--	--	--	--	--

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



--	--	--

## Ана тілі-МЗ

## Мәтін

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



**Мәтіннің құрылымы:** мәтіннің кіріспе, негізгі бөлімі және соңы болады.

### 8-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Бір топ бала жасырынбақ ойнады. Алдымен Әсет көзін жұмып тұрды. Қалған балалар жасырынды.

Балалар жасырынып болған кезде, Әсет көзін ашты. Ол балаларды іздей бастады. Азат теректің артына жасырынған екен. Оны Әсет тез тапты. Ал Әмірдің басы бұта түбінен көрінді. Тек қана кішкентай Алмас еш жерден көрінбеді.

Балалар оны бірігіп іздеді. Оларға Әсеттің иті Ақтөс те көмектесті. Ақыры Алмасты Ақтөс тапты. Сөйтсе, Алмас Ақтөстің үйшігіне жасырыныпты.

**Басталуы**

**Негізгі бөлімі**

**Соңы**

а) Мәтіндегі жалқы есімдерді тауып жаз.

---



---



---

ә) «Көзін» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---



---



---

### 9-тапсырма. Жұмбақ өлеңнің шешуін тап.



Су көбейіп,  
Бүршік шашып,  
Жапырақ ашып,  
Бәйшешектер басады.  
Айтыңдаршы, балалар,  
Бұл қай кезде болады? (.....)

### 10-тапсырма. Өлеңді оқып, мазмұнын қара сөзбен әңгімелеп айт.

#### Портфель

Сабақ бетін ашпасаң,  
Салақ бола бастасаң,  
Портфелің де жүдейді,  
Әр бұрышқа тастасаң.

Оқушының мән-жайын,  
Жұрт біледі әрдайым.  
Портфель өзi-ақ айтады  
Иесінің қандайын...



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



## Ана тілі-МЗ

## Мәтін

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



**Әңгімелеу мәтінде** бір нәрсе жайында хабарлайды. Және не істейді? қайтеді? қайда болыпты? сұрақтарына жауап береді.

**1-тапсырма.** Суреттерге қара, онда не бейнеленген?



а) Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бала орманнан не тауып алды?

---

2. Қоянның аяғына не болды?

---

3. Бала оған қандай қамқорлық жасады?

---

4. Қоян жазылғаннан кейін, оны қайда апарды?

---

5. Бала қоянға неліктен көмектесті?

---

ә) Суреттер мен сұрақтар бойынша әңгіме құрап жаз және оған ат қой. Керекті сөздерді пайдалан.

*Керекті сөздер:* бірде, көрді, аяғы сыныпты, әкелді, таңды, емдеді, тамақ берді, жазылды, еркіне жіберді.

---



---



---



---



---



---



---



---



---



---



---

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-М3****Мәтін**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**2-тапсырма.** Мына сөздерді дұрыс сәйкестіріп, өлең құрап жаз.

Тоны қандай	жылы еді ұнады жүреді шығады (С.Қалиев)	Мұз үстінде
Маған қатты		Суға сүңгіп

**3-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқы.

Бір ғұлама білімнің артықшылығын бірнеше дәлелмен көрсеткен екен.  
Біріншіден, білім – даналардан қалған мирас, ал байлық – басқалардан қалған мұра.

Екіншіден, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың.

Үшіншіден, білім досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды көбейтеді.

Төртіншіден, білім іздеген сайын көбейе береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсаған, азаяды.

Бесіншіден, білімді ұрыдан қорғаудың қажеті жоқ, ал байлықты ұрылардан күнде қорғайсың.

Алтыншыдан, білімдіні ел құрмет тұтады, ал байлығың мол болса, қызғанады.

Жетіншіден, білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды күнде есептеп отыруың қажет. (Д.Матайқызы)

**4-тапсырма.** Сөйлемді көшіріп жаз.

Білім – байлықтан артық, себебі ол сені бағады, досыңды көбейтеді.

**5-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді толықтырып жаз.

1. Досы көпті жау алмайды, .....
2. Бірлігі жоқ ел тозады, .....
3. Ел боламын десең, .....
4. Ер елін қорғайды, .....

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-М3****Мәтін**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**6-тапсырма.** Ертегіні оқы.

**Ерте, ерте, ертеде...**

Бірнеше жыл бұрын су жоғалып кетіпті.



шөлден қиналады.



қурап,



солып қалады.

Шөлдеген



желден көмек сұрайды. Ал жел  -ді көмекке шақырады.

Күн



-дер мен көлдердегі суларды қатты қыздыра бастайды. Су буға айналып,

аспанда



пайда болады. Біраздан соң



жауа бастайды. Жер беті

жанданып сала береді.

а) Ертегідегі негізгі ойды анықта.

---

ә) Су болмаса не болатынын елестетіп көр және оны отбасыңа айтып бер.


б) Су → бу → жаңбыр. Осы үшеуін байланыстырып, достарыңмен әңгімелес.

**7-тапсырма.** Мәтіннің қатесін түзеп, көркем көшіріп жаз.

Алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасайтын зергердер ел ішінде аса құрметі болған. Олар әйелдерге арналған сырға, сақыйна, білезік, белдік, дүзік, ал ерлерге арнап кісе, шағша, балдақ жасаған.



**8-тапсырма.** Мақалды тауып жаз.



Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат



**Ана тілі-М3****Мәтін**

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл..... ай ... күн ..... сағат



Мен не үйрендім?

**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

**Ең маңызды өнер**

Кеш батты. Күн сәулелері кездесіп, әрқайсысы өз өнері туралы айтты. Бірінші сәуле жерді жылытыпты. Екінші сәуле шалшықтарды құрғатыпты.

Ал ең кішкене сәуле ештеңе айтпай жылап жіберді. Ол күні бойы бір баланың үйінде болыпты. Бала ауырып жатыр екен. Кішкене сәуле оны кеш түскенше ойнатыпты.

Басқа сәулелер оның ісіне сүйсініп, арқасынан қағады. Себебі мейірімді болу – ең маңызды өнер.



а) Сұрақтарға жауап бер.

1. Күн сәулелері не туралы әңгімелесті?

---



---

2. Бірінші сәуле күні бойы не істепті?

---

3. Екінші сәуле күні бойы не істепті?

---

4. Кішкентай сәуле не істеген екен?

---

5. Кішкентай сәуле не үшін жылады?

---

6. «Мейірімді болу – ең маңызды өнер» деген пікірмен келісесің бе? Неліктен?

---



---

**2-тапсырма.** Пішіндерді сәйкестіріп, өлең құрап жаз.



Елеңдеп құлағы,

---



Еліріп тұрады.

---



Көреген қырағы.

---



Бөкеннің лағы

---

(Ө.Дүйсенов)

### Сынамалар

Дұрыс жауаптарын белгіле.

1. У дыбысы дауысты болып тұрған сөзді көрсет.  
 а) ауа                                      ә) әуен                                      б) жусан
  
2. Дұрыс жазылған сөздерді көрсет.  
 а) аншы                                      а) топырағы                                      а) жібі                                      а) лезде                                      а) жібеки  
 ә) аңшы                                      ә) топырақы                                      ә) жіпі                                      ә) ілезде                                      ә) жібегі
  
3. Қате жазылғанын белгіле.                      а) жауабы                      ә) жауапы                      б) жауап
  
4. Бос орынға «ы, і» әрпінің біреуін жаз.  
 қи\_\_н                                      т\_\_н\_\_ш                                      қ\_\_ст\_\_гүн\_\_  
 ки\_\_н                                      т\_\_л\_\_к                                      бүг\_\_нг\_\_  
 б\_\_лт\_\_р                                      аст\_\_-үсті                                      би\_\_лғ\_\_  
 м\_\_ндет                                      ар\_\_-бер\_\_                                      бұй\_\_м
  
5. Буынға дұрыс бөлінгенін тап.              а) шег-іртке                                      ә) ше-гір-тке                                      б) ше-гірт-ке
  
6. Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?  
 а) қашан? қайда?                                      ә) кім? не?                                      б) неше? қанша?
  
7. «Етек» сөзінің көп мағынасын жаз.  
 етек – .....  
 етек – .....
  
8. Зат есімнің көпше түрін тап.                      а) өсімдік                      ә) кітап                      б) ағаштар
  
9. Жалқы есімді тап.                      а) Сырға                                      ә) Асық                                      б) Қарасай
  
10. Жалпы есімді тап.                      а) Бай-Өлке                                      ә) Қасық                                      б) Ақтөс
  
11. Етістік нені білдіреді?  
 а) заттың қимылын, іс-әрекетін                                      ә) заттың санын, сынын  
 б) заттың мөлшерін, көлемін
  
12. Сын есімді тап.                      а) тоғыз                                      ә) үлкен                                      б) оқып отыр
  
13. Сан есімді тап.                      а) жүз                                      ә) белдік                                      б) келді
  
14. Сөздер мен сөз таптарын сәйкестір.  

Зат есім	тоқиды, тігеді, салыстырады	
Етістік	жеті, тоғыз, жиырма, елу, мың	
Сан есім	жіңішке, ақ, қызыл, тік, көлбеу	
Сын есім	мүсін, суретші, ермексаз, шаршы	
  
15. Дұрыс сәйкестір.                      Субұрқақ қандай тамаша!                                      Хабарлы сөйлем  
 Сусыз – тіршілік жоқ.                                      Сұраулы сөйлем  
 Мынау кімнің гүлі?                                      Лепті сөйлем
  
16. Сөз құрамына талда.                      Өнерпаздар .....  
 Балықшылар .....

Аяқтаған: ..... ай ... күн ..... сағат





«Ана тілі-III» пәнін өз бетінше үйренудің жол картасы

<i>Мәтін және тақырып</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Азатжол</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Мәтіннің құрылымы</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

<i>Әңгімелеу мәтіні</i>	👍	😬
Мұғалімнің бағалауы		
Оқушының бағалауы		

